

JL2005


9243



Казак  
прозасы  
казынасынан

Немат  
КЕЛІМБЕТОВ

# Чиміт ұзғын келмейді



PUBLISHING  
COMPANY LTD








**Немат КЕЛІМБЕТОВ**

*Міт ізгім келмейді*

**Хикаят-монолог**

•  
**Эссе**

**Алматы  
«Раритет»  
2005**



Hemst KEMMELOE

Dinner BISON HORN





Казак  
прозасы  
казынасынан

Немат  
КЕЛІМБЕТОВ

Мінімалдың  
келді

## Хикаят-монолог

•  
Эссе



RARITY  
PUBLISHING  
COMPANY Ltd

ББК 84Каз7-44  
K29

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және  
спорт министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған 3. Серікқалиұлы  
Көркем безендірмесі негізін салған А. Тіленшиев

Келімбетов Н.

K29      **Үміт үзгім келмейді: Хикаят-монолог. Эссе — Алматы:  
Раритет, 2005. — 432 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.**

ISBN 9965-663-94-7

Жазушы Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» деп атаплатын хикаят-монологында ауыр науқасқа шалдырып, коп жылдар бойы тосек тартып жатқан мүгедек жанның омірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, молдір махаббаты соз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қылы ой-толғаныстары бас қаһармандар Ержан мен Гаяндардың монологтары арқылы берілген.

«Ұлымға хат» деген эссе де адамға фана төн мейірімділік, достық, қанағат-ынсантылық сияқты асыл қасиеттермен қатар, күншілдік, ашқоздік, тәкаппарлық төрізді жағымсыз мінез-құлықтар жайында да ой толғайды. Сондай-ақ, ұлттымыздың сонау сақтар мен ғұндар доуірінен бастап, Қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі рухани тарихы әдеби жәдігерліктер негізінде баяндалады.

ББК 84Каз7-44

К 4702250201-21  
413(05)-05

ISBN 9965-663-94-7

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірғен М.Палаткин, 2005

## ЕРЛІК ПЕН ДАНАЛЫҚ ДАСТАНЫ

### (Алғы сөз орнына)

Аса қадірлі оқырман қауым!

Бұл кітапты мен қолжазба күйінде бас көтермей бір күнде оқып шықтым. Үнады. Қызықты сюжеті, қым-қигаш оқиғалары үшін емес, ажалмен арталысқа түскен адам рухының асқақтығы, адалдығы, тұнық тазалығы үшін үнады. Осы кітаптың бас қаһарманы Ержанның мына өмірге деген шексіз құштарлығына тәнні болды.

Шіркін-ай, адамның қашанды басы аман, бауыры бүтін бол, ауырмай-сырқамай, айдарынан жел есіп жүргеніне не жетсін! Алайда, гұмырында бір рет те қатты ауырып көрмеген, ойда жоқта оқ жыландағы орап алған науқас қыспалғынан жасы жарга таянбаган, үрейлі ажалдың өзімен бетпе-бет кездеспеген адам өмірдегі көп жәйттерді терең түсіне де, сезіне де алмайтын шыгар. Ондай жандар мына аз күндік өмірдің шыныайы қадір-қасиетін, шексіз құндылығын, бага жетпес ләззатын ешқашан пайымдай алмайтыны хақ.

Міне, мен өзім жасауыш Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» деп аталағын хикаят-монологын оқып шықкан соң осындағы ойга келдім. Бұл хикаятың басты қаһарманы Ержан жұлдын-омыртқасына жасалған аса курделі нейрохирургиялық операциядан кейін ақырет азабын шегін, күні-түні ажалмен арталысып жатқан күйінде бейнеленген. Біреу шектен тыс қайғы-қасиетке ұшыраганда, көне көз қариялар «жұлдынга тиді» деп жетады гой. Өйткені қазақта «жұлдыны үзілді» деген сөздің мән-мағынасы «өмірден отті» деген ұғымды білдіреді. Атақты Ақан сері жан серігі Құлагер қайғылы қазага ұшыраганда:

Құлагер, қолда осірген құлымым-ай,  
Ішінде омыртқаның жұлымым-ай! —

деп күніренеді емес не?

Йә, Ержанның омыртқа сүйегін бірнеше жерден аралап кесіп, жұлдынына операция жасаған. Алайда, Ержан — белдеспей жастың беріле салатын бозкуйік борбас емес. Ол басына түскен таудай тауқыметкес де, алты баттан азапқа да, өзін минут сайын қыл мойынга тақап бара жетқан ажал үрейіне де дес бермей, қасқын қарсы тұратын қайсар жсан.

*Рас, тәбесінен төнің келе жатқан ажсал үрейі кейде оның да тұла бойын еріксіз билеп алады. Әйтсе де, Ержан «өлі қалам» деп емес, өзінің қоғам алдындағы, туган-тұтысқандары мен дос-жарандары алдындағы, бұлдіршіндегі екі баласы мен сүйікті жары Гаунардың алдындағы азаматтық, тұтыстық, достық, әкелік борышын отей алмай қала-мын ба деп қорқады.*

*Күн санап өмір шамы өшіп бара жатқан Ержансанды ажсал аудынан сүйікті жары Гаунар алып қалғаны хикаят-монологта зор шеберлікпен баяндалған.*

*Иә, Ержан аяқ-қолы сал болып, мүгедек күйге түссе де, ақыры қайса жаннның биік рухы, қайтпақ күш-жігері, өмірге деген құштарлығы жесең шыгады. Бұл кітаптың құндылығы да осы бір түйінде болса керек. Сол себепті біз сөз етіп отырған хикаят-монологты мен «Ерлік пен даналықты жыр еткен дастан» дер едім.*

*Н.Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» туындысын, шындан келгенде, автордың өзі жайында, өмірлік досы Гаунар (шын аты Куаныш) туралы, балалары Мұхит пен Қайрат хақында жазылған деректі хикаят деуге болады. Әйткені хикаяттың сюжеті шындықтан онша шалтай кемпеген. Жұлын-омыртқага жасалған аса күрделі операциядан кейін аяқ-қолы бірдей сал болып, төсек тартып жасып қалған кезінде Немат Келімбетов отыз бес жаста екен. Содан бері тағы да отыз бес жыл уақыт зулап өте шығыпты. Ал, қазір Немат жетептің жетегінде жүр. Бұл туралы кітаптың эпилогында автор жақсы айтқан: «Иә, Алла берген қос арғымаққа — екі аягыма еркін мінбей, жер басып жүрмей, жалынды жастық шақтың той-думанга толы қызықты базарын күнде арапап көрмей, көктем келген сайын кең жазыра далада жалаң аяқ жүгірмей, сойгулік атқа сөндene мінбей, бәсекелі бәйгеге түспей, егінжайда қулаштан кетпен шаптай, сәбілерімді мойныма отырғызып алып қала парктерін араламай, асқар таулар боктерінен бәйшешек теріп, оны қыз-келинишектерге сыйламай, өмір мұхитында балықша жүзбей ғұмыр кешіп келе жатқаныма биыл отыз бес жыл болытты».*

*Мен «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологын бұрын да оқыған едім. Әйтсе де, автор «Ұлыма хат» атты эссе жазу арқылы өз хикаятын то-лықтыра түсіп, тіпті тың туындыға айналдырып жіберген деуге болады. Сонымен, «Ұлыма хат» деп аталағын эссе, анығын айтқанда, «Үміт үзгім келмейді» атты хикаят-монологтың логикалық жалғасы болып табылады. Автор туган жерден алыста, шет елде оқып жүрген ұлына хат жазу арқылы алғашқы хикаят-монологта айттылған ойларын сюжеттік жағынан жалғастыра түсін. Ол ұлына жазған хаттарында бүгінгі жастар үшін тәрбиелік мәні зор бірқатар моральдік-этикалық мәселелерді сөз еткен. Мәселен, автор өзінің бір хатында: «Ұлы менің! Сен өз ата-тегінді жақсы білесің бе? Кешегі кеңестік кезеңде ата-тегін сұрастырган адамды рушыл, ұлтшыл, тіпті нәсілшіл деп айыптады. Әйткені кеңестік саясаттың негізгі мақсаты құллі қазактың ата-тегін мұлдем ұмыттырып жіберу еді. Дәлірек айтсақ, халықты өз шежіресін, тарихын, шыққан тегін білемейтін мәңгүрт етіп қою болатын. Ал, біздің ата-бабаларымыз өздерінің шыққан тегін, аргы түбін, яғни ата-тегін жілкे тізгендей етіп баянда-*

тын шеңжіре-тариҳын әкеден балага асыл мұра ретінде қалдырып, сан гасырлар бойы осы иегі дәстүрді жалғастырып келді. Өйткені ата-тексті білу руга жіктелу, тайпага боліну емес, керісінше, қандас, тумалас, құдандалы адамдардың басын қосу арқылы бүкіл қазақты ынтымаққа шақыру, біріктіру болып табылады», — деп жазады.

Сондай-ақ, қаламгер өзінің ұлына жазған хаттарында адам бойындағы түрлі қасиеттер: адалдық пен зұлымдық, жомарттық пен сараңдық, мейірімділік пен қатыгездік, кішіпейілділік пен тәкаппарлық, тағы басқалары туралы ой толгайды.

Немат Келімбетов — белгілі жазушы гана емес, сонымен бірге қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін көптен бері түбекейлі зерттеп келе жатқан галым. Ол қазақ әдебиетінің қайнар-бастаулары біздің заманымыздан бұрынғы сақтар мен ғұндар дәуірінде жатқанын дәлелден, көптеген монографиялық зерттеулер жазды.

Міне, мұның өзі қаламгер-ғалымға байыргы рухани мұраларының — сақтар мен ғұндар, ежелгі түркілер дәуірінен бізге жеткен әдеби жәдігірліктердің оқырман қауымға ғылыми негізде, әрі коркем тілмен қызықты хикая ретінде әңгімелуеге толық мүмкіндік берген.

Сөйтіп, осы кітап авторының ұлына жазған хаттарын оқы отырып, бұдан жиырма жеті ғасыр бұрын Тұран елін Иран әскерінен қорғап қалған Алын Ер Тоңға туралы жазылған қоған дастанды оқып шыққандай әсер аласыз. Енді бір сәт Шу оқірін Ескендір Зұлқарнайшының жаулат алушан сақтан қалған Шу батырдың қан майдандагы ерлігін көзben қорғендей боласыз. Құллі Еуропаны өзіне бағындырып, Римді құлдықтан құтқарған Еділ (Аттила) бабамыздың даңқты жорықтарынан хабардар боласыз. Біздің аргы ата-тегіміз саналатын сақтар мен ғұндар, ежелгі түркілер Көк Тәңірісі — Қунғе, Жер-суга және Ұмай анага табынғанын «Көк бөрі», «Ергенекон», «Құлтегін» жырлары жаійінде жазылған хаттардан оқыт білеміз.

«Ұлымға хат» ессеінде автор оқырманың Қорқым атандың даналық ойдан туган өсисет-угағыздарымен таныстырады. Ортагасыр ғұламалары, сөз зергерлері Әбу Әли ибн-Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқары, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Нассауи, Бабыр, Хайдар Дұлати жаійінде деректі хикаяттар айтып береді.

Түйіндең айтқанда, Н.Келімбетов өз оқырманың сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап, Қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ұлттымыздың рухани тарихы — ежелгі әдеби жәдігірліктермен таныстырады.

Аса қадірлі оқырман қауым! Сіз бүгін адамның рухани құш-жігерін, мөлдір махаббатын, өмірге деген құштарлығын көкке көтере жырлаған, тарихи танымдық мәліметтері мол, ежелгі ата-бабаларымыздың қасиетті шеңжіресінен сыр шертетін гажайып туындыны қолыңызға алып отырсыз. Бұл кітаптың сізге үнайтынына кәміл сенемін. Әманда солай болсын. Әүмин!

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,  
Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

## ҮМІТ ҮЗГІМ КЕЛМЕЙДІ

### 1

— Гауһар! Бұғін ойым онға, санам санға бөлініп, басым қатты. Қайдағы-жайдагы жымысқы ойлар мені қыл мойынға тақап, дегбірімді тауысып бара жатқан сияқты. Әттең, қас қылғандай тап қазір қасымда емессің ғой. Әйтпесе ішімде қазандай қайнап, жанымды қоярға жер таптырмай буырқанып жатқан сыр сезімдерді өзіне түйдек-түйдегімен ақтарып, еңсемді езе түскен ауыр ойлардан арылып, женілден қалар едім.

Қапасқа түскен құс тәрізді мына аурухананың еріксіз тұтқыны бол, төсекке жіпсіз байланып, ой-қиялға шырмалып жатқаныма да екі айдан асып барады еken-ay. Кейде маған сау-саламат, шапқылап жүрген балауса өмір алты қырдың астында қалып қойғандай бол көрінеді. Бірақ бостан-босқа ойға малтығып, салы суға кетпесін деп күні бүгінге дейін өзіне тіс жарып, сыр білдіргем жоқ. Әйтсе де, осы бір дертке шалдыққалы бері менің ішкі дүниемнің астан-кестені шығып, өзімнен-озім ызаға булығып, жарылып кете жаздал жүргенімді сен қас-қабағымнан-ақ қалт жібермей танисың ғой.

Рас, мұндай қатерлі науқас адамның бойына ғана емес, ақыл-оїына да запыран зәрін құйып, аяусыз улап тастайды еken. Бірақ сен мені «Аз күнгі азапқа төзбей, тауы шағылып, тауаны қайтып қапты» деп ойлама. Сәл нәрсеге жібі босай қалатын күйреуік жандарды көрсем-ақ арқам қозып кетеді. Онша-мұнша сырқаттың тауқыметін котере алмай, иленген терідей болбырай қалатын жан мен емес.

Гауһар! Сен тірі тұрғанда мойныма тау тесіп ілсе де қыңқ етпейтініме иманыңдай илана бер. Тек қырықтың қырқасынан аспай жатып-ақ қияметтей ауыр дертке шалдыққанымды есіме алған сәттерде ғана мен коңілімнің кок жайлауынан ел көшіп кеткендей құлазып қалам.

Әрине, адамның қашанда басы аман, бауыры бүтін бол, ауырмай-сырқамай айдарынан жел есіп жүргеніне не жетсін. Бірақ ғұмырында, сірә, мұрттай ұшып, ауырып кормеген, озін науқас қаттырақ қысып, жаны жарға таянбаган адам көп нәрсені терең түсіне де, сезіне де алмайтын шығар. Өйткені ажал үреі оз басына шындал тонген қауіп-қатерлі сәттерде ғана сан жылдар бойы жүректің терең түпкірінде әбден бүйірып жатқан, үйлырып қалған ой-сезімдер оянып кететініне козім жетті. Осы ауруханаға келгелі бері ғана үйқылы зердем оянып, санамның козі шындал ашыла бастады десем, иланасың ба?

Гауһар! Саған бүгін мұның бәрін қалай түсіндірсем еken? Жайшылықта біз көп нәрсені ой елегінен откізіп, екшеп, елеп жатпайды еkenбіз. Оған құнделікті күйбенмен жүргенде мұршамыз да келмейді, мойнымыз да жар бермейді гой.

Ал, ауруханада санамен сарғайып жатқанда, ой түбіне жетпек бол, қиял қойнауының қатпар-қатпарын актара беріп, шақшадай басым шарадай болды. Кешегі бір түннің озінде тосегімнен тоғыз тұрып, тоқсан толғандым десем отірік емес.

«Ержан не ойланады еken?» дейтін шығарсың. Есілдертім сен бол қалдың ғой, Гауһар. Балаларды ойлаймын. Болашағымыз туралы толғанам.

Гауһар! Бәрі де кеше ғана болған сияқты еді. Сойтсек, екеуіміздің отбасын құрып, өз алдымызыға тұтін тұтете бастағанымызыға да он жылдай бол қапты-ау. Өмір-озең бір минутқа кідірмей, сынастай сырғып өтіп барады еken ғой. Сау кезімізде соңымызыға жалтақтаудан ғөрі, дүрмекке ілесіп, алға қарай үмсина берсек керек. Өйтсе де, жолаушының оқта-текте бір тоқтап, өзі басып откен омір жолдарының кедір-бұдырына көз қырын тастап қойғаны да зиян емес пе деп қалдым. Өйткені кешегі кемшілік ертеңге сабақ қой.

Міне, біздер он жылдан бері бір мәрте де жүз шайыспай, әй-шәй деспей, тату-тәтті омір сүріп келдік. Адам,

сірі, бұл өмірдің қызығына тойған ба?! Дегенмен, озінмен жақсылы-жаманды бірге откізген азды-көпті күндеріме мен оле-олгенше ризамын. Жоқ! Атай көрме! Мені озінмен бақылдастып, қоштасып жатыр еken деп ойлап қалма.

Рас, қазір мен жатқан аурухана жеңіл-желпі сырқаттар келетін жер емес. Бұл — нейрохирургия ауруханасы. Мұнда ең қызын, ең қауіпті операциялар жасалады. Адам миының ішіне, яки омыртқа сүйектің қуысында жасырынып жатқан жұлынға операция істейді.

Мұнда адамның бас сүйегін, яки омыртқасын құдды жаңғақ шағып жатқандай шақыр-шұқыр аршып, бұжыр-бұжыр ми етінің қат-қабаттарын тілгілеп, жалғап, жамап жатады. Осындай операциядан аман-есен шыққан науқас адам құдды дозақ отынан отіп келгендей ақырет азабын шегеді десем артық айтпағаным. Тіршілік үшін ажалмен арпалысқа түсіп, өмірдің зәрін татып жатқандарды күнде корем. Өзімнің де дәл сондай операцияға түсіп, солар сияқты қиналатыным есіме түссе болғаны, денем түршігіп, төбе құйқам шымырладап кетеді.

Бірақ есінде болсын, Гауһар! Ержан оңайлықпен жан берे қоймайды. Мына ауруға да, азапқа да, қайғы-қасіретке де өзірше мен бой берер емеспін. Сонғы демім біткенше сұрқия сырқатпен арпалысып, алысып өтерім хақ. Белдеспей жатып, беріле салатын бозқүйік борбас мен емес! Басқа түскен пәлені мойынмен көтеріп алуға әзірмін.

Бірақ ой азабы адамның үшар когін, қонар қөлін тарылтып жібереді еken гой. Кейде мен өзімді бірте-бірте ой женип бара ма деп те іштей тіксініп қалам. Сондықтан дәл қазір қасымда болмасаң да, бар сырымды өзіне осылайша актара бергім келіп тұр.

Гауһар! Сені тура бүгінгідей ешқашанда аңсап, сабыр суым сарқыла құтпеген едім. Мүмкін, бұл әдеттегі, үйреншікті сағыныш емес, озіме де беймәлім басқа бір сезім шыгар.

Кейде адамда мұндаидай да болады еken-ay. Өзінді кешеғана көрдім. Ал, бүгін сағынып қалдым. Жәудіреген молдір жанарынды да, сүйріктең аққу мойнынды да, үлпілдеген комір қара шашынды да, қас қағымда жанымды баурап өкететін сүйкімді наз-қылығынды да аңсадым.

Мүмкін, сен басқалар үшін айта қалғандай әдемі де емес шыгарсың. Мұның бәрі менің қанатты қиялымнан туған

сағым-бейне ғана болар. Бірақ мен үшін өзің ең қымбатты жан екеніңе бұғін анық козім жетті. Неге дейсің ғой? Асықла. Бәрін рет-ретімен айтамын.

Бір айдан кейін сен жиырма жетіге толасын. Ал, мен отыз беске шығамын. Арамызда тұтас бір ғұмырдай боп, сегіз жыл көлбей түсіп жатыр екен-ау. Соны бұғін ғана тұнғыш рет ойлаппын ғой. Өйткені ол екеуіміздің де ойымызға кіріп шыққан емес.

Білем, сен қазір жұмыстасын. Мен сияқты кімнін нешеге келгенін есептеп, бос қиялға беріліп жатқан жоқсың. Әсіресе, мен ауруханага түскелі бері жұмысбасты, ер жанышты боп кеттің. Өйткені бәрін — үй шаруасын да, бала күтімін де жалғыз өзің тындырып жүрсің. Бұғін сен жұмыстан шыққан бойда тұра балалар бақшасына баrasын, Қайратты әкелесің. Оған дейін мектептен Мұхит та кеп қалады. Сосын ұшеуің маған келесіндер. Оған дейін әлі бірнеше уақыт бар. Ал, мен қазір сол өзің көрген керуектте шалқамнан түсіп, қыбыр етпей, сан қылыш ойға шомып жатырмын.

Кешегі өзің көргендей мәре-сәре емеспін. Бұғін көңілім су сепкендей басылып қалған сияқты. Неге дейсің ғой?

Тұскі тамақты енді алдымызға алып едік, бір топ дәрігер сау етіп, біздің палатага кіріп келді. Жүргім тас тобеме шықты. Өйткені олар тұскі ас кезінде, сірө, бүйтіп келген емес. Араларында осы мен жатқан аурухананың бас дәрігері, өзің билетін профессор әйел бар. Демек, біздің алтыншы палатадағы үш науқастың біріне шұғыл түрде операция жасау керек болғаны деп түйдім. Кімге? Қайсымызға? Неге тезірек айтпайды?

Соның алдында ғана біздер қалжын, құлкіге енді көшкен едік. Нейрохирург профессорды көргенде, құлкіміз пышақпен кескендей күрт тыйылды. Шыдам-төзімім таусылса да, жұмған аузымды ашуға шамам келмей, іштен тынып, оқ тиген ұзақ көзденіп жата бердім. Тағатым таусыллып, тынысым бұрынғыдан бетер тарыла түсті. Бірақ еңсені жанышып жіберердей өлі тыныштықты бұзуға ешкімнің жүрегі дауаламай-ақ қойды.

Бір кезде барып профессор қолындағы қокшіл қағазға үңілді. Сол сәтте ол маған бейне бір айтуға ауыр, аса қатал үкімді оқып естіртейін деп тұрған сottтың төрағасы торізді бол көрініп кетті. Профессор мен жаққа қарады. Мен одан

қаймығып, жүзімді тайдырып әкеттім. Бірақ құтыла алмадым. Ол қағаздан басқаларды емес, тура менің фамилиямды оқыды. Сосын профессор маған тік қарап: «Ертең сізге операция жасаймыз», — деді де, әлгі ақ халатты бір топ адамды соңына ертіп, дереу палатадан шығып кетті.

Сол-ақ екен, жанымда жатқан екі науқас та иықтарындағы зілдей жүкті біреу лып еткізіп лезде алып тастағандай-ақ: «Ун», — деп женілдеп, тыныстары кеңіп сала берді. Әлегенде мен сен сокқан балықтай есендіреп, не істерімді білмей ошарылып қалдым. Сөлден кейін барып көзім бұлдырап, құлағым ың-шың бол шулап кетті.

Не керек, бүгін ойда жокта көңіл-қүйім сабындай бұзылды. Әп-сәтте жаным құлазып, көңілім ойсырап қалды. Әлденеден меселім қайтып, қажырым мұқалғандай болды.

Жаңа ғана палата іші жап-жарық нұрлышуаққа толы сияқты еді. Енді айнала тоңіректің бәрі күңгірт тартып, тылсым үрей төніп келе жатқандай. Әзірше өзіме де беймөлім бір жамандықты сезгендей жүрек құрғыр зуылдан алып үшіп барады. Не болды маған? Соңшама неден зорем қашады? Ертенгі операциядан жүргегім шошып жатыр ма?

Гауһар! Сен біздің профессорды білесің гой. Ол өзі мығым денелі, сөл еңкіштеу, қабагы түксіп қалған, мосқал ойел. Бір қызығы оның жүріс-тұрысы да, адамдармен сойлесуі де, тіпті гүрілдеген жуан даусы да әйелден гөрі ер адамға көбірек ұқсайды. Ауруханада оны ешкім Елена Андреевна деп аты-жөнімен атамайды. Жүрттың бәрі — аурулар да, дәрігерлер де «профессор» дейді.

Елена Андреевна басқа дәрігерлер сияқты қиын жағдайда қипактап, мәймөнкелеп жатпайды. Құдды төбебден тоқпақпен қойып қалғандай етіп, ойындағысын тура айта салады. Мүмкін, сол себепті шығар, әйтеуір осындағы науқастар оған инедей шубә келтірмей, иманындей сенеді.

Әдетте профессор науқас кісілерге, әсіресе, бүгін-ертең операция столына жатайын деп түргандарға жылы шырай байқатпайды екен. Қайта әлденеге қатты жаны кейін түргандай сыңай көрсетіп, күрен қабак танытып, катал сойлеседі. Мұндай «жасанды қаталдықтың» бар қүния сырын мен кейінірек барып түсінгендей болдым.

Әр сөзін шегелеп жатқандай-ақ нығыздап-нығыздап айтып, даусын сөл котеріңкіреп, ызалы үнмен сөйлесудің кімге керегі бар дейсің ғой? Мұнда гәп бар еken. Оны озім де кештеу үқтym.

Ажал іісі аңқыған қан майданға кірер алдында азды-көпті үрейге бой алдырып тұрган жауынгерді сөл де болса демеп, жігерлендіріп, жан-дұниесін шықпыштып жіберетіндей қаһарлы сөз қажет емес пе?! Арпалыс алдында командир жауынгерлеріне «Айналайын!» — деп жәмпен-деп жатпайды. Қайта қаһарына мініп, өз бойындағы жауға деген өшпенділікті, ашу-ызынды, от-жалынды қатардағы жауынгерлерге де бөліп бергісі келгендей өзінен-озі буырқанып, бусанып, айбат шегіп кетеді ғой. Мұның озі солдаттарды табанда жігерлендіріп, бойына құш-қуат беріп, қайрап жібереді.

Біздің профессор да әрбір нейрохирургиялық операцияны адам өмірі үшін болған қан майдан деп біледі. Өзін сол қиян-кеекі шайқастың командирі сезінсе керек. Ал, біздерді, науқастарды, әрине, ол бүйіркты мұлтіксіз орындауга тиісті солдат санайды. «Ауруды жеңіп шығу үшін сендер өздерін де аянбай барларынды салып күресулерін керек», — дегенді бізге жиі айтады ол.

Осындай дертке шалдырып, ауруханаға түскелі бері озім де әбден күдікшіл, кісі қабағын андығыш бол кетсем керек. Мен қазір кез келген адамның өзім туралы не ойлап тұрганын бетіне бір қарап-ақ, көздерінен қапы жібермей оқимын десем иланасың ба? Тегінде, өзгелердің ой-пікірін жүзіне қарап, осылайша «оқи алмаған» жандар бақытты шығар. Біреудің мал-мұлкіне көз салып жүрген ұры сияқты бол, әлдекімдердің ішкі дұниесін, ішек-қарның рентгенмен қарағандай үдайы көріп отырудың несі мәртебе?!

Жүрттың айтуынша, профессор әдетте кеселі тым асқынып кеткен, операциядан тірі шығуы дүдемал науқастармен ғана сыпайылық сақтап, жылы шыраймен, «жақсылап» сөйлеседі еken. Ол жаңа біздің палатаға кіріп келгенде маған бір түрлі мейірлене, жаны ашып қарағандай болған еdi. Содан секем алып қалдым.

Демек, мен ертеңгі операцияның өзінен емес, профессордың мені әлденеге қиғысы келмегендей-ақ іштей мұсіркеп тұрган, мейірімге толы көздерінен үрейленіп кетсем керек.

Рас, мен өзіме операция жасалатының бүгін ғана есітіп отырғаным жоқ. Мандайшасына абажадай кесек әрітермен баттитып «Нейрохирургия» деп жазылған есіктен кірген әрбір адам о баста-ақ миына операция жасатуға іштей белін буып келген жандар. Олар осы есіктің табалдырығын аттаудан бұрын талай-талай тұндерді үйкісyz откізіп, ақыры басқа лажы қалмаган соң осы қадамға тәуекел жасаған кісілер.

Көк семсердің жүзіндегі қылышылда, ителгідей жұтынып тұрған небір жүрек жұтқан жігіттердің өздері де осы есікке келгенде үнжыргалары түсіп, әлекей-шәлекей бол қалғанын талай көрдік. Бәріміз де мына есіктен қорқа-қорқа кіргенбіз. Неге дейсің ғой?

Өйткені мұнда адамның ең жанды, ең күрделі жеріне — мына операция жасалады. Көне медицина ғылымының басқа салаларымен салыстырғанда нейрохирургия әлі жасекен. Адамның бүкіл организмін басқарып тұрған сиқырлы орталықтың ғылымға белгісіз сырлары да аз емес тәрізді. Әсіресе, арқа омыртқаның ішінде жатқан жұлын ми хакында әзірше адамзаттың билетіні мардымсыз сияқты.

Бір жолы маған профессор әзіл-шынын араластырып: «Қазір адам баласы өз жұлынының қызметінен гөрі, аспандағы айдың құрамын жақсырақ біледі», — деп күлген еді. Мүмкін, сонысы рас та шығар. Әйтеуір операция столына жатқандардың бәрі бірдей тірі шығады деп ешкім де, тіпті осы атышулы профессордың өзі де кепілдік бере алмайды.

Иә, нейрохирургия аурұханасының табалдырығынан өз еркімен аттап өтіп, ішіне кіруге өзін-өзі қалайда көндіре алған кісілер — бір жағынан үмітке иек артып, ал екінші жағынан ажалды іштей мойындан келген жандар. Мен де солардың бірімін. Соны ұмытпа, Гаянап!

Тіршіліктең ең қатерлі, ең сұсты нәрсе — өлімнің өзіне де тәуекел жасап, ажалға бас тіккен адам енді неден жасканады дейсің ғой? Айтайын. Бір айдан кейін келетін олім қатерінің қорқынышы бір бөлек те, тап қазір, бүгін-ертең төбеңнен төніп тұрған үрейдің жөні бір бөлек екен. Бір айдан, не бір жылдан кейін болатын операциядан адам онша шоши қоймайды. «Арада әлі уақыт бар», — деп әркім озін-өзі іштей жұбатса керек. Мұндайда науқас жандар уақыт дейтін қорғанды паналап, соган арқа сүйейді. Ал,

«ертең операция» дегенді естігенде адам жан-жағынан жаудың оғы борап тұрган қыын-қыстау сәтте бас паналайтын бірде-бір бұтасы жоқ, алақандай ашық далада қалып қойған жауынгерге үқсайды. Жаңа «ертең» дегенді естігенде мен сондай күйге түстім. Рас, мен бойымды үрей билеп, қоңілім сөгіліп бара жатқанын тірі жанға сездірмеуге тырыстым. Бірақ қорқыныш сезімі адамның еркінен тыс нәрсе ғой. Құрық тимеген асаудай тулайтын үрей сезіміне тізгін салып, ауыздықтап алу көрінгеннің қолынан келе беретін жеп-женіл іс емес. Ішкі дүнием алай-дүлей боп, дауылды күнгі теңіздей толқып жатты.

Теңіздей тулап, бойымдағы басқа сезімдерді бас котертпей тұншықтырып, билеп-төстеп бара жатқан қаһарлы үрей бір сәт өзінен-өзі саябырладап, сабасына түсе бастады. Әп-сәтте қанымды қақ қылған қап-қараңғы қорқыныш пердесі өзінен-өзі ысырылып, сонау көкжиектен үміт шұғыласы шашырай бастағандай болды. Шынында да, осы мен неге сонша үрейленем? Неге құттым қашады? Неден қорқамын? Операциядан ба? Әлде өлімнен бе? Жалпы қорқыныш, үрей деген не өзі? Ойымнан осындай сауалдар шықпай-ақ қойды. Енді осы сұрактарға жауап таппай тұрып, қоңілімнің тыншымасын, басқа нәрсе ойлай алмайтынымды сездім.

Гауһар! Сенен несін жасырам? Жайшылықта қоян жүрек қорқақтығым байқалмаған сияқты еді ғой. Мүмкін, кімнің қорқақ, ал кімнің батыр екенін тек төбеден тонген өлім қаупі ғана анықтайтын шығар. Әйтеүір мына үрей мені ой азабына салып қойды. Қазір ешкімнің сөзіне сене қоймайтын сияқтымын. Бұрын өзім анық-қанық билетін нәрселерге де бүгін іштей күдіктене бастадым. Бұл не?

Үрей адамды ойшыл етіп жібере ме деп қалдым. Мен қорқыныш, үрей сезімі хақында бұрын-сонды ойланып көрмеген едім. Ойланатын несі бар дейсің ғой? Бар екен.

Аузын арандай ашқан ажалмен жеме-жемге келгенде ғана адам осындай сауалдарға жауап іздейтін шығар. Сонымен мен неден қорқам? Ертеңгі болатын операциядан ба? Демек, операцияға, оның сәтті боларына онша сенбегенім ғой. Сонда үрей дегеніміздің өзі сенімсіздіктен туатын болғаны ма? Мұндай күрделі, нейрохирургиялық операция сәтті аяқталады деп күні бұрын ешкім үзілдікесілді айта алмайды. Тіпті профессордың өзі де ойдағы-

даій өтеді деп мені тас-түйін сендеріп отырган жоқ. Демек, қауіп-қатер бар. Қорқыныш дегеніміздің өзі қауіп-қатерді күні бұрын сезіну емес пе екен?

Бізben көрші палатадағы бір кісі операция жасатар алдында қасындағы жолдастарына өзілдеп: «Қорықпандар. Менің өлуге правом жоқ. Өйткені балаларым әлі тым жас», — депті. Мүмкін, осы бір өзіл созде коп шындық жатқан шығар. Онда әлгі үрей дегеніміз аса күшті жауапкершілікті сезіну ғана болып шықпай ма?

Бір данышпан: «Үрей — басқа түсетін бәле-жаланы, бақытсыздықты, азапты құту», — депті ғой. Ар-ұят дегеніміздің өзі де абыройды айрандай тогіп алушан қорқу, үрейлену емес пе? Демек, кәдімгі үяттың өзі де үрей.

Дәлірек айтсақ, адамдар бақытсыз бол қалам ба деп үрейленеді екен. Онда тек бақытты жандар ғана қауіп-қатерден шошитын болғаны ма? Ал, бақытсыздар ше? Олар тоуекелшіл, жанкешті бол келе ме? Мен ертеңгі операцияға баруға жүрексініп түрмүн. Демек, мен азды-көпті бақытты жан болғаным ғой.

Бірақ бақыт дегенниң озі не? Мен соны толық түсінem бе деген күдік ойда жоқта сап ете түсті. Бақыт адамның ойлаған арманына жетуі шығар. Бірақ адамда арман көп кой. Соның бәріне қолы жеткен адам ғана шын бақытты ма? Әйтсе де, адамның арманы, сірә, тіршілікте таусыла коймас. Сонда қалай, жер бетінде бақытты жан жоқ па? Бар, әрине. Коп. Әйтпесе неге біреулерді бақытты, біреулерді бақытсыз дейміз? Мүмкін, бақыт дегеніміз озгермейтін, тұрақты, қатып қалған нәрсе емес шығар. Бүгін бақыттың дәмін татқан кісі, күні ертең-ақ қайғыға уланып қалуы ықтимал емес пе?

Сөйтіп, мен бақыттымын ба, жоқ па? Арманына жеткен адам бақытты десек, мен, шынында да, бақытты шығармын. Оқыдым. Өзім қалаған мамандыққа ие болдым. Қызметім де жаман емес. Тату-тәтті отбасын құрдым. Екі бірдей ұлым бар. Жап-жақсы пәтер алдым. Бірақ мен тек осыларды армандадым ба? Жоқ, әрине. Арманым көп. Мүмкін, бір кезде бүкіл арманымның бәрі түп-түгел орындалалар. Ол үшін құресу қажет. Ал құресу үшін ертеңгі операциядан тірі шығу керек.

Менінше, бақыт дегеніміз қара бастың қамы емес. Баскаларға қыруар қуаныш, зор шаттық сыйлаған жандар ғана

бақытты. Ал, мен өзгелер үшін не істедім? Бәрін тек озім үшін ғана істеп жүрген сияқтымын ғой.

Рас, біздің құрылымы үйымы жақсы-жақсы тұрғын үйлер салды. Инженер-құрылышы ретінде мен де оған аз үлес қосқам жоқ. Өзіміз салған үйлерде біреулердің тұрып жатқанын көргенімде, тобем кокке жеткендей болады. Бірақ сол үйлердегі мындаған тұрғындардың тым құрыса бір-екеуі мына жарық дүниеде Ержан деген инженер барын біле ме? Жоқ, әрине. Білуі шарт па? Жоқ. Білмей-ақ қойсын. Риза болса да жетіп жатыр.

Дегенмен, осының бәрі сәл-пәл өкінішті-ақ. Мәселен, артист сахнаға шығып үш минут өлең айтып берсе, бүкіл зал даурығып қол соғады. Ал, біздер күні-түні тынбай енбек етеміз. Адамдарға үш минуттық емес, ғұмырлық қуаныш сыйлаймыз. Алайда, бізге тірі пенде қошемет корсетпейді. Эй, қойши, сол қошеметті. Соны өзім де жақтырмаймын. Сол үйлерді әйтеуір біреулер терлеп-тепшіп тұрғызғанын жұрт біледі емес пе?

Сонымен, мен бақыттымын ба, Гауһар? Сен осыны коп сұраушы едің ғой. Бұрын бұл сауалға жауап берे салу да оп-оңай көрінетін. Шындал ойланған да қын екен-ау.

Адам жайшылышта жұмыстан бас көтере алмай титықтап жүреді ғой. Мұндайда ол өзінің шексіз бақытты екенін де онша сезе бермесе керек.

Тап бүгінгі күнге дейін уайым атаулы ойыма кіріп те шыққан жоқ еді. Эке-шешем маңдайымды күнге шалдырмай өсіріпті. Тоным тозып, атым арып көрген емес. Жұрт қатарлы оқыдым. Инженер-құрылышы болдым. Қызмет жағынан да тасым өрге қарай домалап келе жатыр еді.

Отбасы жағынан да мен өзімді ешкімнен сорлы сана-маймын. Суымды сүт қылышп отырған сен ғой, Гауһар. Екі ұлым кешкісін алдыман жүгіріп шығып, мойныма асылғанда ет жүрегім елжіреп кетеді.

Мен десе ішкен астарын жерге қоятын достарым да аз емес. Қызметтес жолдастар өз алдына бір төбе. Туған-туысқандар да жетіп жатыр.

Жер жұқартып жүрген жанға бұдан артық не керек?! Еш нәрсе. Онда мен осынша байлықтан — ең алдымен сенен, Гауһар, екі бірдей баламнан, сосын жора-жолдастарымнан, сүйікті жұмысымнан, бауырларымнан айрылып қалам деп қорқып жатқан шығармын. Егер бұлардың бірде-

бірі менде жоқ болғанда ертеңгі операцияға тайсалмай батыл жүріп баар ма едім?

Жоқ, әрине. Бұлардың борінен де қымбат тағы бір нәрсе бар. Ең алдымен мен соны қимайтын сияқтымын. Ол — омір. Сол омірге деген құштарлық. Демек, мен өмірдің озіне ғашықпын. Ғашықтар бірін-бірі оңайлықпен қылпастап кетпейтіні саған да мәлім ғой.

Жер бетіндегі тіршілік иесінің бәрі де өмір сұруғе шексіз құмар. Бұл құмарлық олардың бойындағы табиғи соқыр сезімнен туындал жатпай ма? Ажалды соншалықты үрейлі етіп көрсететін нәрсе де сол өмірге деген құштарлыққа байланысты шығар. Егер дана-табиғат оларға осы бір корқыныш сезімін сыйламағанда не болар еді? Онда бірде-бір тіршілік иесі өзіне төнген қауіп-қатерден қорғанып, озін-озі сақтап қалуға өрекет жасамас еді. Ал, қорықпаса, қорғанбаса, онда олардың бәрі жер бетінен әлдеқашан-ақ жойылып, жоғалып кетпес пе еді?

Gayhar! Сен мынадай бір нәрсеге назар аудардың ба? Әдетте өз бетінше жабайы өскен осімдіктер мен ағаштардың тікенегі сүмдық коп болады ғой. Ал, бау-бақшада қолдан егілген гүлдер мен жеміс ағаштарында тікен жоққа тон. Неге? Себебі жабайы осімдіктерге инедей откір тікендер керек-ақ. Өйткені олар олмей, тіршілік етуі үшін озін-озі қоргауға мәжбүр. Қурап қалмау үшін олар барын салып, жеті қабат жер астына бойлап, теренге тамыр жағып, су іздеп табады. Бұл омірге құштарлық емес пе?! Ал, бау-бақшадағы осімдіктер тым нәзік келеді. Кезінде баптап, суарып тұрмаса, тез қурап қалады. Себебі ол адамның мәпелеуіне «арқа сүйеп кеткен».

Жан-жануарлар да солай ғой. Олар бір-бірінен қорқады. Бір-бірінен сақтанады. Соның арқасында ғана олар жер бетінен мұлдем жойылып кетпейді. Белгілі бір молшерде сақталып отырады.

Бесенеден белгілі нәрселерді несіне жіпке тізіп айтып отырысың дейсің ғой? Мұнда да гәп бар. Мен саған бұл арқылы: қорқыныш дегеніміз тек жиіркене қарайтын жекесүрын сезім емес, қайта тіршілік атаулыны жойып жібермей, сақтап қалу үшін өте-моте қажетті қасиет демекпін.

Қорқыныш сезімі адамға да жат емес қой. Бұл зандыла. Өйткені адам да өзін-өзі сақтап, өрі қарай жетіле түскісі

келеді. Әйтсе де су жүрек, қорқақ адамды ешкім дәріп-темейді ғой. Қайта ондай қоян жүректерді жұрт мазақтап, масқара етеді. Неге?

Міне, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне енді ғана жетіп келдік. Адам басқа тіршілік иелері тәрізді табиғи қорқыныштың құлы емес. Ол оз бойындағы небір сүмдышқ үрей сезімдерін өз еркіне бағындырып, қорқыныш атаулының бәрін ақыл-парасатқа жығып бере алады. Демек, үрейге бой алдыру яки алдырмау адамның өз қолындағы нәрсесе. Белгілі бір құбылыс қорқынышты ма, жоқ па деген мәселені адам қашанда Парасат таразысына салып көріп шешуге тиісті сияқты.

Ал, мен операция жасату жайын ақылға салып, қабырғаммен кеңесіп, әбден толғанып барып, үзілді-кесілді шешкен сияқты едім ғой. Олай болса, бүтін үрейге бой алдырганым қалай? Әйтсе де, мұндайда бір тоқтамға тоқырап, көңілді тас түйін бекітіп алу қын екен. Үрей толқындары қайта-қайта тулап, жаныма тыныштық бермей-ак қойды.

Минут сайын әр ойдың түбіне бір түсіп, ақылым ал-пыс жаққа алып қашты. Ақай жоқ, тоқай жоқ неге шошимын сонша? Басымды неге бүтін бұлт айнала берді? Дүниенің бар тауқыметі жалғыз маған тәнгендей соншама таусылғаным несі? Үрейден жүрегім қарс айрылатын-дай-ақ оншалықты су жүрек емес едім ғой. Әлде сол жүрек құрғырдың өзі бір сүмдышқты сезе ме?

Ә, өзімдегі үрейдің сырын енді ғана үқтый, Gayhar! Кешегі бір жайсыз оқиға есіме түсті. Жүрегіме дерт бай-лап, көңіліме түйткіл түсірген нәрсенің не екенін енді ғана ойлап таптым.

Gayhar! Сен мені операциядан зәресі қалмай жатыр екен деп ойлап қалма. Менің тап қазіргі көңіл-күйімді тереңірек сезінсін деп әңгіменің бояуын сәл-пәл қоюлатып жіберсем керек. Әйтпесе көңіл жүдеп, жан жұттайтындағы маған еш нәрсе бола қойған жоқ.

Әділін айтып, ақ сөйлегенге не жетсін. Біздің профессор-нейрохирург қолы алтын, ғажайып жан ғой. Ол талайларды тікелей төніп тұрған ажал аузынан суырып алып қалды деуге болады. Аяқ-қолы бірдей сал боп, талай жылдар үйінде тырп етпей жатқан мүгедектер осында келіп, кәдімгідей жазылып кетіп жатыр. Осында зембілге

жатып келген жарымжан байғұстар бір-екі айдың ішінде үйлеріне өз аяқтарымен жер басып кетуде. Нейрохирургиялық операциядан кейін қос балдағын лактырып тастап, аяғын батыл-батыл басып кетіп бара жатқандардың куанғанын корсөн бар ғой, Гауһар, онда көп нәрсені маған айтқызбай-ақ түсінер едін.

Бірақ адамның құлағы жақсылықтан горі, жамандық хабарды тезірек шалып қалады-ау деймін. Қаншама көп адам осы ауруханадан құлан-таза жазылып шығып жатыр ғой. Дегенмен, олар онша көзге көріне бермейтін тәрізді. Үйреншікті нәрсе сияқты. Ал, оқта-текте ұшырасып қалатын бірен-саран қайғылы оқиғаны сол заматта-ақ құллі аурухана егжей-тегжейлі есітіп ұлгереді.

Кеше үш науқасқа операция жасалды. Екеуі аман-есен шықты. Біреуі операция столында дүниеден өтіпті.

Міне, осы сұық хабар дүнк ете түскенде бәріміздің де кабыргамыз қайысып, еңсеміз езіліп кеткендей болды. Қас пен көздің арасында бір палатадағы үш адамның да жілігі шағылып, меселі қайтқандай еді. Сол сәтте бәріміз де еріксіз тұнжырап, көпке дейін еңсемізді көтере алмай қалдық.

Әйтсе де, біржола торығып, тұніліп кеткен жоқпыз. Сөлден кейін-ақ біздер өзіміздің үйреншікті қалпымызға келе бастадық. Тіпті онша-мұнша өзіл-қалжың да естіле бастады. Бірақ оқыстан палатаға бір топ ақ халатты адамдар мен нейрохирург кіріп келгенде, тәбемізден жай түскендей бол, іштей тіксініп, бәріміз де үрпіп қалдық. Өйткені біз кешегі өлтөн жігітті өлі ұмыта қойған жоқ едік. Мына профессор бүгін бізге күндеғідей мейірімді емес, кайта тура жан алғыш әзірейілдің өзіндей бол көрініп кетті.

Ажалға араша түсे алмаған осы бір топ ақ халатты жандарды іштей кінәлап тұрғанымда, профессор маған тесіле карап: «Ертең сізге операция жасаймыз», — деді. Бұл маған: «Ендігі кезек сенікі, ертең сен өлесің» дегендей бол естілді. Бұрынғыдан бетер зәре-құттым қашты.

Дәрігерлер есіктен шығып кетісімен-ақ ұшеуіміз де мойнымызға су құйылғандай тұнжырап, бір-бірімізге тіс жармай, сөлбіредік те қалдық.

Қасымдағы кісілердің не ойлад, не қойғанымен ісім болған жоқ. Мүмкін, олар бір-бірімен сойлескен де шығар. Бірақ өз басым тас керең бол қалған адамдай ештеме естігенім жоқ.